

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

М. Ерманова

2025 ж.



**Ұлттық өнерді (балалар музыкалық аспаптары, билер, әндер, мәнәрлеп оқу) меңгерген мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Өнеріміз саған - Қазақстан!» республикалық фестивалді өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жеке меншік) мектепке дейінгі ұйымдар арасында ұлттық өнерді (балалар музыкалық аспаптары, билер, әндер, мәнәрлеп оқу) меңгерген мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Өнеріміз саған - Қазақстан!» республикалық фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Фестиваль Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық өнер құралдары арқылы шығармашылық, музыкалық қабілеттерін дамыту

1.4. Міндеттері:

- шығармашылық, музыкалық қабілеттерін дамыту;
- әртүрлі жанрларды шығармашылықпен орындауға баулу;
- халық шығармашылығына оң көзқарасты, қызығушылықты қалыптастыру;
- музыкалық аспаптарда ойнау қабілеттерін дамыту;
- патриотизмге, халқына, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке, мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;
- баланың бастамасын қолдау, шығармашылыққа ынталандыру.

2. Фестивалді ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары.

2.1. Фестивалді ұйымдастырушылар – ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Білім басқармалары.

2.2. Фестивалдің I және II кезендерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Фестиваль үш кезеңде өткізіледі:

1-ші кезең – аудандық (қалалық);

2-ші кезең – облыстық;

3-ші кезең – республикалық.

2.4. Фестиваль өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда Фестиваль басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін Фестивальдің барлық кезеңдерінде аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде Білім басқармасы басшыларының бұйрығымен байқау комиссиясы құрылады.

2.6. Комиссия аудан, қала бөлімдерінің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, білікті педагогтер, ата-аналар қауымдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Фестиваль комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.8. Білім басқармалары осы Ережені негізге ала отырып, Фестивальдің I, II кезеңдерін өз өңірлерінде өткізеді (аудан, қала, облыс).

2.9. Республикалық кезеңнің Фестиваль комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

1) Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) Фестивальге қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1 қосымшасы);

3) Фестивальдің I және II кезеңдеріне қатысушылардың санын және II кезең жеңімпаздарын көрсете отырып, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының байқау комиссиясының хаттамасы: музыкалық аспаптары - 1, би - 1, әндер - 1, мәнәрлеп оқу – 1 (сканерленген көшірме);

4) ұзақтығы **3 минуттан** аспайтын, Фестиваль талаптарына сәйкес келетін **бейнематериал**.

2.10. Материалдар Фестиваль атауымен **2025 жылғы «17» қазаннан** кешіктірілмей Институттың i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Фестиваль қатысушыларына қойылатын талаптар мен шарттары

3.1. Фестиваль мектеп жасына дейінгі ортаңғы, ересек және мектепалды топтары/сыныптарының арасында музыкалық аспаптары, би,

эндер орындау, мәнерлеп оқу номинациялары бойынша тақырыпқа сәйкес безендірілген үй-жайда, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, шығармашылық мереке атмосферасында өткізіледі.

3.2. Жіберілген бейнематериалдарда бала жасының ескерілуі, мәнерлеп оқуда образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану, ән айтуда қимылдармен үйлестіру, би қимылдарын орындауға ептілік, қызығушылық, музыкалық аспаптарды қолдану және ойнау шеберліктері көрінуі тиіс

3.3. Ән, би, музыкалық аспаптарда орындауға балаларды топпен қатыстыруға болады, мәнерлеп оқу сайысына тек бір бала ғана қатысуы тиіс. Сондай-ақ, балалармен бірге ата-аналары мен ата-әжелерінің қатысуына болады.

3.4. Фестивальді қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтай отырып, балабақша (мектеп) ауласында, мәдениет үйлерінде өткізуге болады.

3.5. Бейнематериалдар YouTube бейне платформасына жүктеледі, Өтінімде сілтеме орналастырылады.

3.6. Өтінім беру осы Ереженің шарттарын қабылдауға және Фестивальді өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Бағалау критерийлері.

4.1. Балалардың орындау деңгейі 5 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- тақырыпқа сәйкестігі;
- қатысушының жасына сәйкестігі;
- сахна мәдениеті (костюм, реквизит, орындау мәдениеті);
- эмоциясы;
- интонациясы;
- бейнематериалдың, дыбыстың сапасы;
- бейнематериалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың сақталуы.

5. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар.

5.1. Фестиваль бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуға тиіс:

- түсіру кәсіби және сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы тиіс (нөмірдің басынан аяғына дейін);
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның (мектептің) атауы, ауыл (қала), аудан, облыс);
- бейнематериалдың ұзақтығы **3 минуттан** аспауы тиіс.

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау.

6.1. Фестивальдің қорытындысы бойынша келесі номинациялар бойынша белгіленеді:

- 1) би, хореография:
 - «Үздік би композициясы»;

2) ән айту:

- «Үздік орындаушы»;

3) мәнерлеп оқу:

- «Үздік мәнерлеп оқу»;

4) балалар музыка аспаптарында ойнау:

- «Үздік оркестр».

6.1. Фестиваль жеңімпаздары Институттың дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

6.2. Фестиваль қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілердің парақшаларында жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 57-46-52

Ұлттық өнерді (балалар музыкалық аспаптары, билер, әндер, мәнерлеп оқу) меңгерген мектеп жасына дейінгі балалар арасында «Өнеріміз саған - Қазақстан!» республикалық фестивалі қатысуға өтінім

_____ облысынан

Білім беру ұйымының толық атауы (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Қатысушы баланың ата-жөні, жасы	
Орындалатын материалдың (балалар музыкалық аспаптары, би, әндер, мәнерлеп оқу) атауы мен авторы	
Педагогтің аты-жөні	
Бейнематериал орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі	
Педагогтің байланыс телефоны	